



ҚҰРМЕТТІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН АРДАГЕРЛЕРІ!

Сіздерді медицина қызметкері күнімен құттықтаймыз! Қаламыздың медицина қызметкерлері тұрғындарға білікті көмек көрсетіп, заманауи емдеу әдістерін енгізіп және отандық денсаулық сақтау саласының үздік дәстүрлерін сақтай отырып, өздерінің маңызды миссиясын абыроймен атқарып келеді.

Денсаулық сақтау саласының дамуына елеулі үлес қосып, бірнеше буын мамандарды тәрбиелеп шығарған және өз ісіне адал сала ардагерлеріне ерекше алғысымызды білдіреміз.

Құрметті медицина қызметкерлері! Еңбектеріңіз әрдайым қуаныш пен қанағат әкелсін. Сіздерге және жақындарыңызға зор денсаулық, мол бақыт, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке, қызметтеріңізге толағай табыс тілейміз.

Д. БҰЛҚАЙЫР,
Саран қаласының
әкімі

О. БАЙМАГАНБЕТОВ,
Саран қалалық
мәслихатының төрағасы

УВАЖАЕМЫЕ РАБОТНИКИ И ВЕТЕРАНЫ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ!

Поздравляем вас с Днем медицинского работника!

Медицинские работники нашего города достойно выполняют свою важную миссию, оказывая квалифицированную помощь жителям, внедряя современные методы лечения и сохраняя лучшие традиции отечественного здравоохранения.

Особые слова признательности выражаем ветеранам отрасли, которые внесли значительный вклад в развитие здравоохранения, воспитали не одно поколение специалистов и остаются примером преданности своему делу.

Дорогие медицинские работники! Пусть ваш труд приносит радость и удовлетворение.

Желаем вам счастья, семейного благополучия, успешной работы и здоровья! Мира и добра вам и вашим близким!

Д. БҰЛҚАЙЫР,
аким
города Сарани

О. БАЙМАГАНБЕТОВ,
председатель Саранского
городского маслихата

ҚҰРМЕТТІ САРАН ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН АРДАГЕРЛЕРІ!

Сіздерді кәсіби мереке - Қазақстан полициясы күнімен шын көңілден құттықтаймыз!

Ішкі істер органдарындағы қызмет жоғары кәсібилікті, батылдықты, жауапкершілікті және өз ісіне адалдықты талап етеді. Сіздер күн сайын заң мен қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етіп, азаматтардың қауіпсіздігін қорғап, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жолында аянбай еңбек етудесіздер.

Көпжылдық еңбегімен, мол тәжірибесімен және қызметтік борышына адалдығымен Қазақстан полициясының берік негізі мен үздік дәстүрлерін қалыптастырған ішкі істер органдарының ардагерлеріне ерекше алғысымызды білдіреміз.

Бүгінде бұл игі дәстүрлерді қоғам мен мемлекеттің игілігі жолында қызмет етіп жүрген жас қызметкерлер лайықты түрде жалғастырып келе жатқаны қуантады. Олар өздерінің қызметтік міндеттерін абыроймен атқарып, ел тыныштығы мен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге зор үлес қосуда.

Сіздерге мықты денсаулық, бақ-береке, отбасылық бақыт, бейбіт өмір, қызметтеріңізге табыс және жауапты жұмыстарыңызда жаңа жетістіктер тілейміз!

Д. БҰЛҚАЙЫР,
Саран қаласының
әкімі

О. БАЙМАГАНБЕТОВ,
Саран қалалық
мәслихатының төрағасы

УВАЖАЕМЫЕ СОТРУДНИКИ И ВЕТЕРАНЫ ОРГАНОВ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ ГОРОДА САРАНИ!

Примите искренние поздравления с Днем казахстанской полиции!

Служба в органах внутренних дел требует высокого профессионализма, мужества, ответственности и преданности своему делу. Ежедневно вы стоите на страже закона и общественного порядка, обеспечиваете безопасность граждан, защищаете их права и законные интересы.

Особые слова благодарности выражаем ветеранам органов внутренних дел, которые своим многолетним трудом, опытом и верностью служебному долгу заложили прочные основы и лучшие традиции казахстанской полиции.

Отрадно, что сегодня эти традиции достойно продолжают молодые сотрудники, которые с честью несут службу на благо общества и государства.

Желаем вам крепкого здоровья, благополучия, семейного счастья, мира, успехов в службе и новых достижений в вашей ответственной работе!

С праздником!

Д. БҰЛҚАЙЫР,
аким
города Сарани

О. БАЙМАГАНБЕТОВ,
председатель Саранского
городского маслихата

» ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ТІЛГЕ ЖАНАШЫР ЖАНДАР МАРАПАТТАЛДЫ

«Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» қалалық байқаудың жеңімпазы мен жүлдегерлері анықталды.

Саран қаласының тілдерді дамыту орталығы қалаға қарасты шағын, орта және ірі бизнес өкілдерінің қызметінде заң талаптарының сақталуын әрдайым бақылауда ұстайды. Арнайы рейдтерге шығып, кәсіпкерлермен кездесіп, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізеді. Өткен жылы бастау алған «Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» байқауы биыл ауқымын кеңейтіп, кәсіпкерлердің қызығушылығын одан сайын оятты. Ұйымдастырушылардың айтуы бойынша, байқаудың мақсаты – мемлекеттік тілдің қазақстандық қоғам бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретіндегі рөлін арттыру, мемлекеттік тілдегі жарнама мәтінін сауатты ресімдеу жолдарын насихаттау, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның талаптарын орындалуын қадағалау және осы бағытта белсенділік танытып жүрген азаматтарды ынталандыру.



Осы жолы 25 азамат арасынан 10 азамат іріктелінді. Олардың арасында тек кәсіпкерлер ғана емес, сондай-ақ, өз өнімдерін жарнамалайтына тауар өндірушілер, заң талаптарына қайшы келетін жарнама мәтіндерін анықтап, түзету жұмыстарына атсалысып жүрген азаматтар да бар. Қатысушылардың жарнамаларынан бастап, сауда сөрелерінде ұсынылған

тауарларына дейінгі барлық көрнекі ақпараттың дұрыс рәсімделуі және емле қателерінің болмауын тіл жанашырларымен бірге «Тіл қорғаны» тобының мүшелері қатаң қадағалады. Екі ай көлемінде ұсынылған жұмыстар жан-жақты сараланды. Осы уақыт аралығында өз кәсібін табысты жүргізіп, байқау талаптарын толық орындаған кәсіпкерлер 12 маусым күні «Достық

үйі» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында өткен дөңгелек үстелде бас қосты.

Алғашқы құттықтау сөз сөйлеген Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Айдана Аскеева қалалық байқауды қолдап, қатысқан кәсіпкерлерге алғысын білдірді. Әділ қазы алқасының төрелігінде болған «Тіл қорғаны» жұмыс тобының мүшесі, тіл жанашыры, Саран қаласының аналар кеңесінің төрағасы Гүлжан Жүсіпбекова да байқаудың мүмкіндіктерін айта отырып, кәсіпкерлердің мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге елеулі үлес қосқанын атап өтті.

Нәтижесінде «Mixshop», «Pafos» дүкені, тіл жанашыры Алида Мусина, «Familyfood» онлайн жеткізу қызметі арнайы дипломмен, «Строймарт» дүкендер желісі ІІІ дәрежелі дипломмен, «Раһмет» сауда орталығы ІІ дәрежелі дипломмен, «Ласточка» шағын маркеті І дәрежелі дипломмен марапатталды. Бас жүлдені тіл жанашыры Береке Жарылғапова жеңіп алды.

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

» ОБРАЗОВАНИЕ

Лето в «Доме Дружбы»: каникулы, которые запомнятся!

Лето – пора открытий и встреч, подарившая незабываемые моменты участникам летней творческой школы «Көңілді жаз - 2026». Эта школа стала настоящим калейдоскопом приключений, новых знакомств и ярких впечатлений для юных талантов из кружков организации и пришкольных площадок города.

С первых дней июня в центре царит атмосфера веселья, творчества и открытий.

Открытие сезона прошло необычно – ребята отправились в увлекательный квест «Морское путешествие». Каждая команда стала настоящим экипажем корабля, которому предстояло преодолеть испытания, найти сокровища и доказать, что дружба и взаимовыручка помогают справиться с любыми трудностями.



Настоящее космическое путешествие ждало участников во время игры «Тайны галактики». Ребята разгадывали загадки Вселенной, знакомились с удивительными фактами о планетах и звездах, выполняли интересные задания и почувствовали себя настоящими исследователями космоса.

Особенно яркие эмоции подарила «VR-вечеринка испытаний». Современные технологии позволили детям окунуться в виртуальную реальность, где их ждали необычные задания, захватывающие приключения и море положительных впечатлений. Восторгу участников не было предела!

Не остались без внимания и спортивные мероприятия. Во время эстафет «Jump Day» площадка наполнилась смехом, азартом и поддержкой болельщиков. Ребята соревновались в скорости, ловкости и выносливости, а главным результатом стала отличная командная работа и хорошее настроение. Большой интерес вызвали квалификационные турниры по шахматам. За шахматными досками развернулись настоящие интеллектуальные баталии. Участники тщательно продумывали каждый ход, учились терпению и стратегическому мышлению. Многие ребята отметили, что такие соревнования помогают не только развивать логику, но и воспитывают характер. Ярким событием стал футбольный матч, который собрал на спортивной площадке самых активных и энергичных ребят. Юные футболисты с большим энтузиазмом вышли на поле, чтобы продемонстрировать свои спортивные навыки, командный дух и стремление к победе. Игра проходила в дружелюбной, но по-настоящему спортивной атмосфере. Каждая команда старалась показать красивый футбол: игроки уверенно владели



мячом, выполняли точные передачи, проводили стремительные атаки и надёжно защищали свои ворота. Болельщики активно поддерживали участников, создавая атмосферу настоящего футбольного праздника.

Интересным испытанием стала игра «Бункер Будущего». Участники учились принимать решения в нестандартных ситуациях, предлагали собственные идеи и доказывали, что даже самые сложные задачи можно решить сообща. А во время интерактивной викторины «Загадки букваря» самые маленькие участники летней школы проверили свою эрудицию, проявили смекалку и ещё раз убедились, что учиться можно весело и интересно.

Яркой и трогательной стала игровая программа «Когда сбываются мечты». Этот праздник объединил всех участников летнего сезона и стал настоящим символом дружбы, творчества и счастливого детства.

В течение июня ребята участвовали в мастер-классах, спортивных сорев-

нованиях, творческих конкурсах и познавательных мероприятиях. Каждый день приносил новые открытия, яркие впечатления и незабываемые эмоции. А финальная программа позволила ещё раз вспомнить самые интересные моменты июньских каникул.

Название программы «Когда сбываются мечты» оказалось символичным. Для многих детей лето является временем исполнения маленьких желаний: кто-то открывает в себе новые таланты, кто-то учится работать в команде, а кто-то находит верных друзей. Каждый приобретает частичку тепла, радости и вдохновения.

Лето продолжается, а значит впереди еще много интересных мероприятий, новых побед и ярких впечатлений. Мы обязательно еще расскажем о самых интересных событиях летней творческой школы. Следите за нашими новостями!

Журналисты «Мультимедийная журналистика «NewӘлем.kz» ЦДНЮТ «Дом Дружбы»

» ДЕНСАУЛЫҚ - БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҚ

ЖҮРЕК ҚАЛАУЫМЕН ТАҢДАЛҒАН МАМАНДЫҚ

Елімізде маусым айының үшінші жексенбісі – медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Жаздың жайдарлы, шуақты күнімен бірге келген мерекеге орай денсаулық сақтау саласында 36 жылдан артық аянбай қызмет етіп жүрген жоғары санатты медбике Майра Балтабайқызы Халилинаньң жұмысымен танысып қайттық.

Ақ халатты абзал жанның айтуы бойынша, медицина саласына бет бұруы кездейсоқ емес. Ол бала кезінен адамдарға көмектесіп, науқастардың сауығып кетуіне үлес қосуды армандаған.

- Мен Жаңаарқа ауданы, Қарағаш ауылының тумасымын. 1986 жылы мектепті аяқтап, білім қуып, бала кезімдегі арманым медбике болу үшін Қарағанды медучилищесіне оқуға түстім. 1989 жылы оқуымды аяқтап, диплом алдым. 1990 жылдың маусым айынан бастап Жаңаарқа ауданына акушер болып жұмысқа орналастым.

Өз арманымға қол жеткізіп, содан бері медицина саласында жұмыс істеп келемін. Жаңаарқа ауданында 2011 жылдың қыркүйек айына дейін қызмет етіп, кейін Саран қаласындағы ауруханада медбике болып жұмысқа тұрдым. Қазіргі таңда жоғары санаттағы медбикемін, - деді Майра Балтабайқызы.

Ол өз арманына адал болып, таңдаған жолынан ешқашан тайған емес. Мамандық таңдаудан қателеспей, жүрек қалауын тыңдап, еңбегінен қуаныш тапқан бақытты жан. Жаңаарқа ауданында акушер болып жұмыс істеп жүрген уақытта түрлі жағдаяттармен бетпе-бет келіп, өз қолымен аяғы ауыр келіншектерді босандырып, 117 баланың кіндік шешесі атанды. Қазір сол бір сәттерді езу тарта еске алғанымен, ол кезде шыр етіп дүние есігін енді ашқалы жатқан сәби-ге де, анаға да дер кезінде медициналық көмек көрсетуге асығатын. Тіпті кей жағдайда отбасылық дәрігерлік амбулаториядан тыс – үйде, далада

босандыруға тұра келетін. Себебі, қандай жағдай болмасын, қиындықтарға қарамастан ана мен баланың өмірін сақтап қалу бірінші кезектегі міндет болатын. Әрдайым өз ісіне шын беріліп, адамға мейіріммен қарап, кәсіби білімі мен тәжірибесін жетілдіріп отырады. Өз сөзімен айтқанда: «Менің мамандығымда ең маңыздысы – адамдармен жұмыс жасай білу, науқас адамдарға көмектесу, түрлі аурулардың алдын алу туралы халыққа дұрыс ақпарат жеткізу». Оның күнделікті жұмысы науқастарды қабылдаудан басталып, оларға жолдама беріп, қажетті түсіндірмелер жасаумен жалғасады. Әр күні бір-біріне ұқсамайды десек қателеспейміз.

- Науқастармен жақсы қарым-қатынаста болу үшін барлығын тануың керек, сол секілді олар да сені жақсы білуі қажет. Сенімділік бар жерде ғана жұмысымыздың нәтижесін көруге болады. Қазір медицина саласында оң өзгерістер көп. Құжаттарды электронды толтыру арқылы қағазбастылық азайып, науқастарды қарауға уақыт көбейді. Техникаларымыз да бірте-бірте жаңартылуда, - деді жоғары санатты медбике.

Ол жұмыста дәрігерлермен бірге халықтың денсаулығын нығайтуға үлес қосса, үйге келгенде жақындарына көңіл бөлетін, дәмді тағамдармен қуантуға асығатын асыл жар, аяулы ана, сүйікті әже. «Жолдасымыз екеуміз Алла берген төрт баламызды жеткіздік. Қазір әрбірі бір-бір саланың маманы», - деп жанұясы жайлы сұрағанда қарапайым қалпын сақтап, қысқаша ғана қайырды ақ халатты абзал жан. Себебі, бақыт – тыныштықты сүйеді. Жұмысына бар ынта-жігерін арнағандай, дәл солай жанұясына да мейіріммен, қамқорлықпен, сүйіспеншілікпен қарайды. Бос уақы-



тын жақындарымен өткізгенді жақсы көреді. Кино көріп, бірге бір дастарқан басында жиналғанды ұнатады. Өйткені, денсаулық сақтау саласының қызметкерлері үшін бос уақыт алтынмен тең. Сондықтан да олар әр сәтін қадірлей білетін жандар.

- Қаншама жыл бір салада жұмыс істеп келе жатқан соң, кәсіби мерекемізді күтеміз. Медицина қызметкерлерінің еңбегі қаншалықты қиын, әрі маңызды екендігі ескерілсе екен дейміз. Медицина қызметкерлеріне еңбектеріңіз жана берсін. Өзіміздің, еліміздің денсаулығы мықты болсын. Еңбегіміз еленіп, халықтан алғыс қана алайық, - деп әңгіменің соңында жүректен шыққан ізгі тілегімен бөлісті.

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

P.S.: Барша ақ халатты абзал жанды – медицина қызметкерлері күнімен құттықтаймыз! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке тілейміз. Кәсіби біліктіліктеріңіздің арқасында биік асулардан көріне беріңіздер.



Қарагандинская область воспитала немало преданных своему делу врачей, и один из них – Боровских Илья Александрович. Его путь в медицину начался в родном регионе и продолжается сегодня в больнице города Сарани, где он ежедневно помогает людям сохранять самое ценное – здоровье.

После школы Илья поступил в НАО «Медицинский университет Караганды» на факультет «Общая медицина». Университет дал ему прочную базу знаний и первые практические навыки. Дальше была резидентура по специальности «Семейная медицина»,

» ЛЮДИ В БЕЛЫХ ХАЛАТАХ - ГОРДОСТЬ НАШЕГО ГОРОДА

Медицина — это не просто профессия

где он освоил современные подходы к диагностике, лечению и профилактике болезней у пациентов всех возрастов.

Выбор профессии не был случайным. Старший брат Ильи — тоже врач. Его ответственность, преданность делу и искреннее желание помогать стали для младшего брата примером и ориентиром на всю жизнь.

Профессиональную деятельность Илья Александрович начал в Поликлинике №1 Караганды. Там он получил бесценный опыт работы с пациентами и отточил навыки первичной медико-санитарной помощи. Сегодня он работает врачом общей практики в больнице нашего города.

В работе для него важны три вещи: профессионализм, гуманизм и индивидуальный подход к каждому человеку. Больше всего удовлетворения ему приносит момент, когда удаётся вовремя выявить болезнь, подобрать лечение и увидеть, как пациент возвращается к активной жизни.

Илья Александрович уверен — врач должен учиться постоянно. Поэтому он регулярно повышает квалифика-

цию, изучает новые методы диагностики и лечения, внедряет передовые медицинские практики. Медицина для него — это не просто профессия, а искреннее служение людям.

Главная цель доктора Боровских проста и важна: сделать медицинскую помощь качественной и доступной для каждого жителя, укрепить доверие пациентов и внести свой вклад в развитие отечественного здравоохранения.

Мы поздравляем всех медицинских работников с профессиональным праздником! Желаем благополучия, успехов на трудовом поприще, благодарных пациентов! Каждый из вас является примером преданности своей профессии! Оставайтесь такими же чуткими, внимательными к людям! Всего вам самого доброго!

Подготовлено редакцией «Саран газеті»





Мемлекеттік қызметшінің бір күні қалай өтеді? Кейде күтпеген жерден адамның өмірі 180 градусқа өзгеруі мүмкін. Барлығы таңдауға байланысты.

Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби мерекесіне орай «Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде сектор меңгерушісі Али Муратовпен аз-кем сұхбаттасып көрдік. Өңгімелесу барысында, қарапайым жігіттің алдына қойған мақсатына жеткенін, табандылығы мен еңбегінің нәтижесінде белестерді бағындыра алатынын аңғардық.

Ол Егіндібұлақ ауданының Тәттімбет (бұрынғы атауы Арқалық) совхозының тумасы. 2002 жылы отбасымен бірге Саран қаласына көшіп келген сәттен бастап, өзін жан-жақтан көре бастады. Жастайынан спортқа жақын өскендіктен, №6 жалпы білім беретін мектепте дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеп көрді. Кейін Саран қаласының балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв мектебінде бес жылдай грек-рим күресінен жаттықтырушы болды. Біраз уақыт өткен соң, сол жерде шаруашылық бөлімі жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеді. Бұл

» ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ

МАҚСАТЫ АЙҚЫН АДАМНЫҢ ЖОЛЫ ДА АЙҚЫН

аралықта іштей коммуналдық қызметтерге, құрылыс саласы мен ағымдағы жөндеу жұмыстарына бірте-бірте қызығушылығы оянды. Ішкі түйсігін тыңдай келе, алдына мақсат қойып, өз бағын мемлекеттік қызметте сынап көруді ұйғарды.

«Мақсаты айқын адамның жолы да айқын» демекші, тестілеуден өтіп, бір жыл уақытша келісімшартпен жұмыс істеп, қазір «Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде сектор меңгерушісі лауазымында қызмет етіп келеді.

- Мемлекеттік қызметші болғаным еш өкінбеймін. Менің ойымша, адам өз жұмысына бар ынтасымен беріліп, жақсы істеген жағдайда ғана нәтижеге қол жеткізеді, - деп атап өтті Али Муратов.

Оның жұмыс уақыты 09:00-де басталғанымен, көбінесе жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан нысандардың басы-қасынан табылады. Саран қаласында қызу жүргізіліп жатқан жылумен, электрмен, сумен жабдықтау және су бұру бағыттары бойынша тікелей жұмыс істегендіктен, оның әр күні қарқынды өтуде.

- Қала орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылғаннан бері, едәуір өзгеріп келеді. Екінші жыл электрмен жабдықтау бағыты бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі уақытта бізде электр желілерін ауыстыру, сумен жабдықтау жүйесіндегі ысырмаларды ауыстыру жұмыстары атқарылуда. Мердігер ұйымдар келіп, аула аумақтарында тазалау жұмыстарын жүргізуде. Ағаштар кесілуде. Осы және өзге де объектілерге барып, барлығы сметаға сай болуын, сапасын тексереміз. Электр

желілері бойынша халықпен кездесеміз, мердігерлермен жұмыс жасаймыз, - деп бізбен күнделікті істеп жүрген жұмысының бір бөлігімен бөлісті.

Себебі, қалада жарық немесе су өшіп қалса, апат болған жерге бригадамен бірге келетін - «Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мамандары. Олардың жұмыстары «Саранкоммунсервис» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны мен «Сарантеплосервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен тығыз байланысты. Апаттық бригадамен бірге жүріп, барлығын жіті бақылауда ұстап келеді.

Мемлекеттік қызметші - халық пен билік арасындағы алтын көпір болғандықтан ол ең алдымен адал, әділ, жауапкершілігі жоғары және кәсіби білікті болуы керек. Али Муратов - көбіне тұрғындармен жұмыс істейтін азамат. Тұрғындардың өтініштерін қарастырып, мониторинг жүргізу де оның тұрақты жұмыстарының біріне айналған. Кәсіби мерекеге орай әріптестеріне ел игілігі жолындағы қызметтеріне жаңа жетістіктер, зор денсаулық, мол бақыт, қажымас қайрат пен талмас қуат тіледі.

Мемлекеттік қызметші болу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Отанымыз - Қазақстан Республикасының өсіп-өркендеуі жолындағы қызметтеріңіз жемісті болсын. Мемлекеттік қызметшілер күні құтты болсын!

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА



» НА СЛУЖБЕ ОБЩЕСТВУ И ГОСУДАРСТВУ

ГОСУДАРСТВЕННАЯ СЛУЖБА - ЭТО ВЫСОКОЕ ПРИЗВАНИЕ

Двадцать третьего июня государственные служащие Республики Казахстан отмечают свой профессиональный праздник. Добросовестная и эффективная работа каждого из госслужащих оказывает большое влияние на рост и развитие нашего государства. Ведь государственная служба — это служение людям, служение Родине.

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев на одном из расширенных заседаний Правительства сказал: «Государственная служба – это особое призвание. Поэтому те государственные управленцы, которые решились встать на этот путь, должны понимать, что к ним особые требования, с них особый спрос».

В преддверии профессионального праздника мы взяли небольшое интервью у руководителя ГУ «Отдел образования г. Сарани» Тохметовой Галии Тулегеновны.

Уважаемая Галия Тулегеновна, с какого времени Вы работаете на государственной службе? Что дает Вам должность государственного служащего и к чему она обязывает?

Я работаю на государственной

службе с 2018 года. В первую очередь это высокая ответственность перед нашими жителями. Основная цель - помогать людям в решении их насущных проблем. При этом она обязывает быть компетентным, на постоянной основе оказывать методическую помощь педагогам города и быть открытым к родительской обществу.

Государственный служащий новой формации... Как его можно охарактеризовать в нескольких словах.

Государственный служащий новой формации — это эффективный менеджер, своего дела и новатор. Он не боится принимать решения в условиях динамичного времени, умеет использовать современные цифровые технологии, ориентирован на прозрачность в работе и, главное, искренне нацелен на служение обществу.

Государственный служащий должен быть в одном лице и дипломатом, и психологом одновременно. Удастся ли Вам совмещать все это в Вашей основной деятельности?

По роду своей деятельности я ежедневно общаюсь с разными людьми: педагогами, родителями, ветеранами. К каждому из них нужно найти правильный подход, выслушать и оказать помощь и поддержку. Психология помогает сохранять спокойствие и находить подход, а дипломатия — принимать конструктивные решения.

Считаете ли Вы себя счастливым человеком и в чем это выражается?

Да, я считаю себя счастливым человеком, я занимаюсь любимым делом, работа приносит мне удовольствие.

Ваши пожелания молодым специалистам, и тем, кто мечтает по-

ступить на государственную службу, посвятить свою жизнь служению своей стране.

Никогда не переставайте учиться и развивать свои навыки. Работа госслужащего требует большого терпения, эмпатии и любви к людям. Служение стране — это благородное дело, поэтому подходите к нему с открытым сердцем, честностью и искренним желанием помогать.

...Государственная служба — это не просто работа, это высокое призвание, требующее колоссальной самоотдачи и профессионализма.

Поздравляем уважаемую Тохметову Галию Тулегеновну с ее профессиональным праздником. Желаем ей крепкого здоровья, неиссякаемой энергии, новых профессиональных высот и семейного благополучия.

Татьяна СТРЕЛЬЧУК



» ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ

ТӘРТІП ПЕН ҚАУІПСІЗДІК ЖОЛЫНДА

Елімізде жыл сайын 23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер күні және Қазақстан полициясы күні ретінде аталып өтеді. Бұл – ел тыныштығы мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етіп жүрген жандарға құрмет көрсетілетін ерекше мереке. Қоғам тыныштығын күзетіп, азаматтардың қауіпсіздігін сақтауда полиция қызметкерлерінің еңбегі зор.

Полиция қызметкерінің жұмысы – үлкен жауапкершілікті талап ететін маңызды мамандық. Олар күн мен түнге қарамай, кез келген жағдайда халыққа көмек көрсетуге дайын тұрады. Осындай абыройлы қызметті адал атқарып жүрген азаматтардың бірі – Ақтас кентінің учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Дархан Серғазыұлы Темиров.

Дархан Серғазыұлы еңбек жолын 2010 жылы Саран қаласының полиция бөлімінде бастап, бес жарым жыл патрульдік полиция қызметінде жұмыс атқарды. 2016 жылы учаскелік полиция инспекторы қызметіне ауысып, осы салада табысты еңбек етіп келеді. Ал 2023 жылы Ақтас кентінің учаскелік полиция инспекторы лауазымына тағайындалды. Көп жылғы еңбегі мен кәсіби біліктілігінің арқасында полиция майоры шеніне дейін көтерілді.



– Заң мен тәртіптің сақшысы болғандықтан, күннің қалай атқанын, кештің қалай батқанын байқамай қаламыз. Әрине, кейде отбасыға уақыт бөлу қиынға соғады. Дегенмен, бұл мамандықты өз қалауыммен таңдадым. Қызметімді жақсы көремін. Міне, 16 жыл да көзді ашып-жұмғанша өте шығыпты, – дейді Дархан Темиров.

Оның жұмыс күні таңғы сағат

08:30-да басталып, түнгі 23:00-ге дейін жалғасады. Тұрғындармен тығыз байланыста жұмыс істейтін учаскелік инспектор үшін демалыс пен жұмыс уақытының арасы әрдайым анық бола бермейді. Отбасылық-тұрмыстық жанжалдар, құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық тәртіпті бақылау, профилактикалық жұмыстар жүргізу – оның күнделікті қызметінің ажырамас бөлігі. Қажет болған жағдайда оқиға орнына дереу жетіп, жедел әрекет етеді.

– Бес саусақ бірдей емес. Әр адамның мінезі мен көзқарасы әртүрлі.

Сондықтан ең алдымен адамдардың тілін таба білу қажет. Азаматтардың құқықтық сауаттылығы жоғары болса, көптеген құқық бұзушылықтардың алдын алуға болар еді. Өкінішке қарай, кейбір тұрғындар заң талаптарын толық білмегендіктен немесе оның салдарын түсінбегендіктен қателіктерге бой алдырып жатады, – дейді полиция майоры.

Дархан Серғазыұлы – өз ісіне адал,



тәжірибелі әрі жауапты қызметкер. Мінезі ашық, адамгершілігі мол азамат ретінде әріптестері мен тұрғындардың құрметіне ие. Қызметінің қарбаластығына қарамастан, кәсіби мереке қарсаңында әріптестеріне зор денсаулық, отбасыларына амандық, елімізге тыныштық пен береке тіледі.

Қоғам қауіпсіздігі жолында аянбай еңбек етіп жүрген барлық полиция қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтаймыз! Ел тыныштығы жолындағы еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға бақ-береке, дендеріңізге саулық тілейміз. Халықтың алғысы мен құрметі әрдайым сіздермен бірге болсын!

Өз тілшімізден



Судьбы людей редко складываются по шаблону. Иногда случайная встреча, иногда зов сердца приводят человека туда, где его труд становится опорой для других.

Так в 1998 году по направлению от городского акимата в Отдел полиции Сарани пришла работать Жулдыз Джумашева. В поле ее деятельности входила адаптация ранее судимых лиц. В то время она вместе с представителями Совета ветеранов и сотрудниками реабилитационного центра, который находился на РТИ, работала с теми, кто вернулся из мест лишения свободы.

